

«Бекітемін»
«Армантай» бақпасының
мектеп тәртібі
Д.Р.Усенов

С дыбысын бекіту

Сс



С



С



С

Тәрбиеші: Әлжан А.Д

Шымкент 2021-2022

Сабақ жоспары

Сабақтың тақырыбы: [С] дыбысын бекіту.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: «С» дыбысын жеке буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуын бекіту. [С] - дыбысының артикуляциясын еске түсіру, сөзде дұрыс, анық айтқызу, көзбен көргенді есте сақтап қалып, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздің ішінен [с] дыбысының орнын табу. [С] дыбысын бар буындарды оқып, олармен сөз, сөйлем құрастыруды үйрету. Арнайы жаттығулар арқылы тілдің ауыз қуысында дұрыс орналасуын, ауаны ауыз арқылы шығаруға үйрету.

Түзетушілік: Оқушының ұсақ моторикасын, есте сақтауын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеуін, сөздік қорын дамыту. Жаңа сөздерді үйрете отырып, дыбыстық және буындық талдау жасауды дамыту. Тыныс алуын дұрыс қалыптастыра отырып, бір тыныста 3-4 сөзді айтуға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Тынысты терен алып, ұзақ созып шығаруға үйрету.

Тәрбиелік: Логопедті мұқият тыңдауға дағдыландыру, сабаққа деген қызығушылығын арттырып, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: [С] дыбысына арналған суреттер, су джок шары, қағаз, түтікшелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбер:

Ал, қане, балалар

Қане, маған қараңдар

Ал, қанекей, балалар

Амандасып алайық,

Сәлем, Сәлем, балақай!

Сәлеметсіз бе, апай?

Сәлем, Сәлем, балақай!

Қол соғайық алақан!

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Бүгінгі сенің көңіл-күйің қалай?

II. Тыныс алу жаттығулары.

«Кеселерді реттейміз»

«Футбол» ойыны.

III. Артикуляциялық жаттығу.

«Жымию»

«Сағат »

«Ине»

«Бақа»

«Піл»

«Құймаю»

IV. Ұсақ моторикасын дамыту.

Ойын: «Саусақтар»

Мақсаты: [С] дыбысын бекіту.

Ойын барысы:

Логопед: Балалар сендер таңертең ұйқыдан оянганда не істейсіңдер?

Балалар: Ұйқыдан оянамын, керілемін, орынымнан тұрамын, беті
қолымды жуамын, таңертеңгі жаттығуымды жасаймын содан соң
тамақтанамын да, мектепке барамын.

Логопед: Жарайсыңдар! Ендеше екеуміз саусақтар ұйқысынан қалай
оянады бірге жасайық.

Саусақтарды жұмамыз,

Саусақтар ұйықтап жатыр.

Саусақтар оянды,

Саусақтарды ашамыз.

Саусақтар керіледі,

Саусақтар арасын ашамыз.

Саусақтар бір-бірімен амандасады,

Саусақтарды бір-біріне кезекпен жақындатамыз.

Бет-қолын жуады,

Саусақтарды сипау.

Таңертеңгі жаттығуын жасайды,

Ашып жұму,

Тамақтануға барады.

V. [С] дыбысының кескінін, артикуляциясын көрсетіп, жеке
айтылуын сипаттау.

[С] дыбысының кескіні көрсетіледі.

Логопед: Мінекей, біздің [С] дыбысы, қане, Балалар есімізге
түсірейікші, [С] дыбысы қалай айтылады? «Сссссссс», Ерніміз
қандай қалыпта?

Балалар: Жымиған.

Логопед: Тіліміз қандай қалыпта?

Балалар: Астыңғы тісіме тіреледі.

Логопед: «С» дыбысын айтқанда жылы ауа шыға ма? әлде, суық ауа ма?

Балалар: Суық.

Буындарды айтқызу.

са-са-са- (садақ суреті)

са-са-са- (сағыз суреті)

сы-сы-сы-(мысық суреті)

сы-сы-сы-(асық суреті)

ұс-ұс-ұс- (күс суреті)

ыс-ыс-ыс-(күнбағыс суреті)

Логопед: Қанекей енді біз «Қайтала» ойынын ойнайықшы.

Са-са-са-ызындайды маса,

Са-са-са-менің бойым аласа.

Су-су-су-қандай биік асу.

VI. Грамматикалық қабылдауын дамыту.

«С дыбысын боя» ойыны.

«С» дыбысы бар сөзді естігенде қол шапалақтап қағып алу.
(сағат,ағаш,сабын,гүл,жұлдыз,маса)

VII. Сергіту сәті.

Қане қайталаймыз Са са са

Және жалықпаймыз Са са са

Мұкият тыңдасандар

Сонда алғыр боласындар

Қане қайталаймыз Со со со

Және жалықпаймыз Со со со

Мүкият тыңдасандар

Сонда алғыр бөласындар

Қане қайталаймыз Су су су

Және жалықпаймыз су су су

Мүкият тыңдасандар

Сонда алғыр бөласындар

Логопед: Жарайсындар, балалар! Мүкият тыңдасандар алғыр бөласындар,

Қорытынды.

- Бүгін біз қандай дыбысты үйрендік?

- «С» дыбысын айтқанда тіліміз қандай қалыпта болады?

- Тіс арасы қалай тұрады?

- «С» дыбысының кескінін тақтаға жазып көрсете гой?









